# Аудандар бойынша субсидиялар көлемдерін белгілеу туралы

***Күшін жойған***

Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 10 сәуірдегі № 90 қаулысы . Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 17 сәуірде № 2611 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 25 шілдедегі № 254 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 25.07.2014 № 254 қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысымен бекітілген Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасының 7-тармағына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудандар бойынша:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағар май материалдары мен басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға арналған субсидиялар көлемі;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын арзандатуға арналған субсидиялар көлемі белгіленсін.

2. «Оңтүстік Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

2) осы қаулының Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн

өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Б.С.Оспановқа жүктелсін.

*Облыс әкімі А.Мырзахметов*

Облыс әкімдігінің 2014 жылғы 10 сәуір № 90 қаулысына 1 қосымша

## Аудандар бойынша көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағар май материалдары мен басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға арналған субсидиялар көлемі

| № | Қала мен аудандардың атауы | Жоспарланған егістік көлемі, мың га | Субсидия көлемі, мың теңге |
|---|---|---|---|
| 1 | Арыс | 8,51 | 151860,2 |
| 2 | Бәйдібек | 32,69 | 266225,0 |
| 3 | Қазығұрт | 41,77 | 426625,0 |
| 4 | Мақтарал | 93,03 | 2094868,3 |
| 5 | Ордабасы | 26,76 | 476196,8 |
| 6 | Отырар | 13,75 | 249534,8 |
| 7 | Сайрам | 27,55 | 367389,8 |
| 8 | Сарыағаш | 30,99 | 944636,6 |
| 9 | Созақ | 5,44 | 40019,5 |
| 10 | Төлеби | 28,33 | 256019,2 |
| 11 | Түлкібас | 27,90 | 208345,8 |
| 12 | Шардара | 35,85 | 711959,8 |
| 13 | Түркістан | 20,85 | 449859,8 |
| 14 | Шымкент | 1,49 | 201022,3 |
| 15 | Кентау | 0,63 | 29287,6 |
| | Барлығы | 395,5 | 6873850,0 |

Облыс әкімдігінің 2014 жылғы 10 сәуір № 90 қаулысына 2 қосымша

## Аудандар бойынша тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын арзандатуға арналған субсидиялар көлемі

| № | Қала мен аудандардың атауы | Тыңайтқыштар көлемі, мың тонна | Субсидия көлемі, мың теңге |
|---|---|---|---|
| 1 | Арыс | 1,87 | 51491,8 |
| 2 | Бәйдібек | 1,73 | 47899,2 |
| 3 | Қазығұрт | 5,29 | 136331,3 |
| 4 | Мақтарал | 24,36 | 629363,5 |
| 5 | Ордабасы | 5,79 | 158230,8 |
| 6 | Отырар | 1,60 | 44456,1 |
| 7 | Сайрам | 3,98 | 101684,0 |
| 8 | Сарыағаш | 4,95 | 113427,4 |
| 9 | Созақ | 0,05 | 1620,1 |
| 10 | Төлеби | 2,29 | 64335,4 |
| 11 | Түлкібас | 2,27 | 63186,3 |
| 12 | Шардара | 7,14 | 162409,0 |
| 13 | Түркістан | 4,66 | 122507,5 |
| 14 | Шымкент | 0,05 | 1367,7 |
| 15 | Кентау | 0,09 | 2790,2 |
| | Барлығы | 66 | 1701100 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК